



МУХТАР АТЖ- ЖАЗАЛЫ



№57
(2122)
Сенбі
17 маусым
2023 жыл



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті медицина саласының қызметкерлері!

Баршаңызды кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Халықпен бітеқайнасқан қастерлі еңбек иесі – медицина қызметкері болу мәртебелі әрі жауапты мамандық. Елімізде маусым айының үшінші жексенбісі медицина қызметкерлерінің күні ретінде кеңінен атап өтіледі. Бұл мереке дертке шипа, денге саулық сыйлайтын осы бір ардақты мамандық иелерінің еңбектері еленетін күн.

«Бірінші байлық – денсаулық» деп дана халқымыз бекер айтпаған. Ауырсақ тәнімізді емдеп, жанымызға дем беретін дәрігерлер қауымы қандай құрметке болса да лайық. Ақ халатты абзал жандар әлемді шарпыған індетпен күрес кезінде табандылық танытып, тәулік бойы көз ілмей, адам өміріне араша түсті. Бұл қатарда Сіздер де барсыздар.

Халқымыз «Тәні саудың – жаны сау» деген. Біз үшін аурудың алдын алу өзекті болып қала береді.

Әрдайым адамзат баласы тағдырын сеніп тапсыратын мамандықтарыңызды абыроймен атқарып, халық сеніміне ие болып жүре беріңіздер.

Ел мүддесі жолындағы қиындығы мен қуанышы мол еңбектеріңізге табыс, отбастарыңызға амандық тілеймін.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Құрметпен,

Қазалы ауданының әкімі

Мұхтар Оразбаев

АУДАН ӘКІМІ ЕГІСТІК АЛҚАПТАРДЫ АРАЛАДЫ

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев «Жалаңтөс батыр» ЖШС-нің күріш алқабына барып, егістікті суға бастыру жұмыстарымен танысты.

Қазіргі таңда Сырдария өзеніндегі су деңгейінің төмен болуына байланысты шаруашылықтардың егіс алқаптарын суландыруда қиындықтар бар. Осының салдарынан кей каналдарға мүлде су жетпейді.

Бұл мәселені ішінара шешу мақсатында «Жалаңтөс батыр» ЖШС-гі «Қазалы Сушар» өндірістік учаскесінің су тапшылығының алдын алу үшін алған 2 насосын пайдалануда.

Ш а р у а ш ы л ы қ т а ғ ы

қиындықтар жөнінде «Жалаңтөс батыр» ЖШС директоры Қасқырбай Әлімбаев егжей-тегжейлі айтып берді.

«Жалаңтөс батыр» ЖШС дихандары биыл 500 гектар жерге күріш еккен. Аталған аумақта 50 гектар мақсары, 150 гектар жаңа жоңышқа, 400 гектар ескі жоңышқа күтіп бапталуда. Қазіргі таңда алғашқы суға бастыру жұмыстары жүріп жатыр.

Мұхтар Әуесұлы шаруалардың жұмысына сәттілік тіледі.

Айта кетейік, аудан әкімі Ақтан батыр аулындағы «Сыр маржаны» ЖШС-нің күріш алқабында аралады.

ЖОЛДАРДЫҢ САПАСЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Қазалы қаласындағы бірқатар көшелердің жол құрылысымен танысты. Сондай-ақ, Әйтеке би кентіндегі Желтоқсан, В.Счастнов көшесіндегі көпқабатты үйлердің жөндеу жұмыстарын көрді.

Аудан басшысы алдымен Қазалы қаласындағы Т.Құлахметов, Түркебаев көшелерінің жол құрылысымен танысты. Мердігер мекеме - «Қыран» ЖШС қызметкерлерімен кездесіп, жолдың сапалы болуына қатты мән беру қажет екенін айтты.

Сондай-ақ, аудан әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаев пен аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Мұрат Әбсұлтановқа

жұмыстың қатаң бақылауда болуын тапсырды. Техникалық қадағалаушылар үнемі жұмыстың басында болуы қажет екенін айтты.

Аудан әкімі Қазалы қаласы мен Әйтеке би кенті аралығындағы төрт жолақты жолдың жайынан да хабар алды. Жол құрылысының басына арнайы барып, жұмыстарды жеделдете атқаруды тапсырды.

Мұнан соң аудан басшысы Әйтеке би кентіндегі В.Счастнов, Желтоқсан көшелеріндегі көпкөптерлі тұрғын үйлердің күрделі жөндеу жұмыстарын көрді.

Жауапты қызметкерлердің айтуынша, бүгінгі таңда жоба сметалық құжаттама бойынша құрылыс жұмыстарының 90 проценті орындалған. Бас мердігер - «N строй сервис»

ЖШС қызметкерлері көппәтерлі тұрғын үйлердің шатыр жабынын толықтай ауыстырып, қасбеттерін сылап, кіреберістерді жөндетті.

Аудан басшысы мердігер мекеме мамандарына әрбір пәтердің кіреберісіндегі электр желілерін қалыпқа келтіруді тапсырды.

Аталған көппәтерлі тұрғын үйлердің тұрғындары нысанның құрылысын назардан қалдырмай бақылауда ұстап отырған Мұхтар Әуесұлына ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын айтты.

Бұдан кейін аудан басшысы В.Счастнов көшесіндегі жол құрылысын көрді. Мердігер мекеме «Строймодуль Астана» ЖШС мамандарына бірінші кезекте жол сапасына мән беру қажет екенін ескертті.

АРДАГЕРЛЕР АРАСЫНДА СПОРТТЫҚ САЙЫС ӨТТІ



Әйтеке би кентіндегі «Жалаңтөс батыр» атындағы орталық стадионда аудан әкімдігінің қолдауымен, аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен ардагерлер арасында спорттық шара өтті.

Қазыналы қарттарымыз дойбы, шахмат, қол күресі, мылтық ату спорт түрлері бойынша бақ сынады.

Отызға жуық еңбек ардагерлері қатысқан спорттық шараға аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетов арнайы барып, жарысқа

қатысушыларға сәттілік тіледі.

Спорттың төрт түрі бойынша өткен жарыстың қортындысында жүлдегерлер сыйлықтарға ие болды.

Айта кеткен жөн, аталмыш жарысты өткізу жыл сайын дәстүрге айналған. Мақсаты – ардагерлер арасында салауатты өмір салтын қалыптастырып, құрмет көрсету болып табылады.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІ МАРАПАТҚА ЛАЙЫҚ

1978 жылы наурыз айында оқу бітіріп келген соң Карл Маркс атындағы кеңшардағы селолық учаскелік ауруханаға жедел жәрдем фелдшері болып жұмысқа қабылдандым. Сол кезден бастап жедел жәрдем көлігінің жүргізушілерімен бірге жұмыс істеуіме тура келді. Аурухана ұжымы Түктібаев, «Майдакөл», «Жаңақұрылыс» кеңшарлары мен оларға қарасты товарлы сүт фермалары тұрғындарына қызмет көрсететін.

Абыржының уақыты. Аудандық ауруханаға бару үшін Басықара арқылы 4-5 сағат жүреміз. Түнімен жаңбыр жауып, жол лайсаң, балшық. Соқырішек науқасты аудандық ауруханаға шұғыл жеткізу керек.

Жедел жәрдем жүргізушісі Ідіріс ағам:

-Қуаныш, Досқали жақпен жүрсек қайтеді, жолды 10 шақырымдай ұтамыз деген соң жолға шықтық. Жүріп келеміз. Алдымыздан шыққан жүк көлігіне жол береміз деп шұңқырға түстік те кеттік. Амалдап жерді қазып, көлікті жолға шығарып, науқасты хирургия бөліміне жеткіздік-ау.

Аурухананың жүргізушісі Теңізбай Тәжіков екеуіміз ауыр науқасты аудандық ауруханаға жеткізу үшін жолға шықтық. Қараша айы, күн салқын, оның үстіне түнімен жаңбыр жауып, жол көктайғақ. Тәкеңнің бір әдеті көлікті жүргізіп келе жатып өз жағындағы есікті ашып, артқы доңғалақ жаққа қарап, мотордың дыбысын тыңдайтын еді. Жаңқожа батыр аулы тұсындағы көпірден өтіп Ақтан батыр аулына барар жолда Тәкең сол әдетіне басып, қолы рульде есікті ашып артына қарамасы бар ма?

-Әй, Тәке, - дегенімде ағам сасып қалып тежегішті шұғыл баса салар ма? Көлік трасса үстінде айналып жүр, айналып жүр. Жол жиегіне барып әрең тоқтады – ау. Бір түп жаңғыл машинаны аудармай іліп қалыпты. Сөйтіп құдай сақтаған еді.

Желтоқсанның бас кезі. Күн суық. Кешкілік аурухананың бас дәрігері Болат Садуов

бәрімізді шұғыл шақырып алды да:

-Ешкім үйіне қайтпасын. Бірінші босанатын жас ананың баласы теріс келіп аудандық ауруханадан хирург, акушер-гинекологтар келе жатыр. Қан керек болып қалуы мүмкін. Тәжірибелі акушер-ка Елмұратова екеуіміздің шешіміміз осы – деді.

Екіқабат келіншектің жанұясы босып жүр. Ауданға Басықарамен апаруға жол ұзақ, әйел жарамайды. Орталықтан келетін мамандар «Әлсейіт» көпірінде күтпек. Дәрияның мұзы әлсіз, енді қатып жатыр. Келіншектің атасы Бақ Байтөреев ауылға сыйлы ақсақал, теңіз жақтан біздің ауылға көшіп келген. Сол кісі мұздан өткізбек болды.

-Теңізбай сен жүр, - деп еді (туысқаны ғой) ол кісі көзім көрмейді деп сылтауратты. Көбек сен жүр деп еді, ол да бара алмайтынын айтты. Күйеуім сен жүресің деп маған қадап айтты. Біздің үйдегі сол кісінің інісінің қызы болатын, мен еретін болдым.

Күрек, 10 метр арқан алып жолға шықтық. Күн батып кеткен. Қыламықтап қар жауып тұр. «Әлсейітке» келсек арғы бетте белгісін беріп жедел жәрдем көлігі тұр. Көпірдің тұсының мұзы қатпаған, су ағып жатыр. Бақ ағамыз дарияның өр жағынан 30-40 метрдей жерден мұз үстіне шықты. Жүргізуші Есіркепке фариңды жағып мұз үстіне жарық түсірде Қуаныш екеуің мына арқаннан мықтап ұстандар,-деп бір ұшын беліне байлап алды. -Араларың 5-6 қадам болсын менің ізіме еріңдер,-деді де Бақ ағамыз жол бастады. Ағамыз қолындағы күректі әр жерге бір ұрғылап арғы бетке өттік-ау. Мұз майысқанымен ойылған жоқ. Дәрия жиекте екі мейіркештің қолында 1чмодан операцияға қажетті құралдар, 1 чмодан қажетті дәрілер бар. Екі қызды мұз үстіне жібердік те Есіркеп бір чмоданды мен бір чмоданды көтеріп алға жылжыдық. Дәрияның ортасына жақындағанда фардың

жарығымен жылтырап жатқан суды көрген екі қыз: - «мама су», - деп кері бізге қарай жүрді. Есіркеп екеуіміздің мойынымыздан құшақтап алып жіберсейші. Өлген жеріміз осы шығар дедік. Абырой болғанда Бақ ағам келді екі қызға айқайлап:

-Суға кетіп өлесіңдер ме, ізіме еріңдер,- деп ажыратты.

Дәрігерлердің шұғыл көмегі арқасында сөйтіп өмірге тағы бір сәби келіп, ана өлім аузынан аман қалды...

Тоқыраудың кезі. Аурухана 75 койкадан 25 койкаға азайды. Жұмыс ауыр. Балалар бөліміне мен келгелі тоғызыншы балалар дәрігері кетіп қалды. Мені жедел жәрдем фелдшерлігіне ауыстырып, балалар бөліміне су-бординатор етіп бекітті.

Шақырту көп. Үлкен кісі емес тілі жоқ бала қай жері ауырғанын айта алмайды, сондайда бас дәрігер Болат Садуов ағамның көп көмегі тиді.

Қызылордадан 14 жасқа дейінгі балаларға жұқпалы ауруларға қарсы егілетін вакцинаны кезекпен өзіміз әкелуге тиісті болдық. Қырық күн шілдеде кезек бізге келді. Батыс Европа – Батыс Қытай жолы енді салынып жатқан кез. Таңғы сағат үште мейіркеш А.Жәми, мен, жедел жәрдем жүргізушісі Инабат үшеуіміз жолға шықтық. Күн ыстық, жол шаңдақ. Түскі 11 шамасында облыс орталығына жетіп вакцинамызды алдық та кері қайттық.

Күн батып бара жатыр. Тез жетіп вакцинаны тапсырсақ жақсы болар еді, мұзы еріп кетпей (термосқа мұз салынған). Мұз ерісе, қалыпты температура болмаса вакцина сапасын жойып жібереді. Асығып-ақ келеміз, жол жеткізер емес.

Байқоңыр қаласының тұсына келгенде көліктің алдыңғы доңғалағы жарылмасы бар ма? Запас доңғалақты алайық десек доңғалақты бекіткен больты бұралып алынбай көп әурелендік. Менің кезінде механизатор курсын бітіріп кеңшарда трак-

тор айдаған тәжірибем осындайда іске асты. Инабатқа:

-Темір шапқы (зубель), балғаны әкел дедім де дереу іске кірістік. Сөйтіп доңғалақты ауыстырып салдық та түнгі 10 шамасында аудандық СЭС-ке вакцинаны тапсырдық.

Учаскелік аурухананың жедел жәрдем жүргізушісі болып кейін Сейілхан Алмағанбетов жұмыс істеді. Жаста болса тәжірибелі жүргізуші еді. Сейілханның бір қасиеті жер қандай балшық, лас болсада көлігін үнемі таза ұстайтын еді.

Қазір емханада жедел жәрдем көлігін Кенжебек Махшатов жүргізеді. Ісіне мығым, тындырымды жігіт. Науқасқа шақыртуға дер кезінде жетіп көпшілік көңілінен шығып жүр. Әкесі Көзімай Махшатов та ауруханада жүргізуші болған. Тіпті ол кісі жеке шаруасымен бір қойшының үйіне барса баласы іші бүрісіп ауырып жатқан ғой. Анасынан сұраса екі күн болды ауырғанына деген. Ішін басып көріп:

-Мынау соқырішек, - деп өз көлігімен хирургия бөліміне жеткізген. Қойған диагнозы дұрыс болып «шофер қойған диагноз» деп кезінде сол кездегі аудандық «Ленин туы» газетінде мақала да жарияланған.

Медицина саласында 42 жыл жұмыс істеген менің жоғары жетістіктерге жетуіме, халыққа қалтқысыз қызмет етуіме жедел жәрдем жүргізушілері, аға-інілерімнің көп көмегі тиген еді.

Аудандық орталық аурухана басшылары жедел жәрдем көлігі жүргізушілерін де төл мерекеде марапаттасаңыздар екен деген тілегімді айтқым келеді.

Барша аудан медицина қызметкерлерін, осы салада жұмыс істеп жүрген қыз-жігіттерді мерекелерімен құттықтап, халық денсаулығы жолында аянбай еткен еңбектерің тек жетістіктерге жеткізе берсін демекпін.

Қуаныш РЫСБАЙ,
медицина саласының
ардагері,
Ақтөбе қаласы

«ЖАСӨСПІРІМ» ЖЕДЕЛ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ ӨТКІЗІЛДІ

Қазақстан Республикасы ІІМ-нің нұсқауына және Қызылорда ОПД ЖПҚБ ювеналды полиция тобының 2023 жылдың 2-тоқсанына арналған жұмыс жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың 7-9 маусым аралығында Қазалы ауданы көлемінде «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді.

Іс-шараның басты мақсаты - жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу, білім беру ұйымдарының оқушылары арасындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау, әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың құқықтық

сауаттылығын арттыру, сондай-ақ балаларға қатысты қылмыстың алдын алу болып табылады.

Ювеналды полиция, аудандық «Жастар ресурстық орталығы» қызметкерлері, білім бөлімінің мамандарымен бірге аудан көлемінде жасөспірімдер арасындағы қылмыстардың

алдын алу, түнгі уақыттары заңды өкілдерінсіз жүрген кәмелетке толмағандарды анықтау мақсатында рейдтік шара ұйымдастырылып, кент орталығындағы ойын-сауық орталығы, дүкендер, орталық алаң және тағы да басқа көңіл-көтеру орындарын аралады.

Қазалы ауданының полиция бөлімі

ЕЛ АЗАТТЫҒЫ ҮШІН КҮРЕСКЕН БАБАЛАРЫМЫЗ

Шектілер 1714-1717 жылдары Сырбойынның төменгі жағындағы Әлімдердің ата қонысын қайтарып алды. Сол кездері шектілердің биі Жиеней аталығынан болған. Ал, Қарағанды университетінің Халықаралық қатынас және бизнес кафедрасының профессоры Ербоз Нәбиұлы ағамыз Жолшара аталығынан деген еді.

Киікбай батыр қол жинап сарттарды Хиуаға, Үргенішке, Самарханқа қарай ығыстырып жер ашты. Сырбойында қоныстанғандарды салықтан құтқарды.

Қарақалпақ ханынан парсылар Сырбойын қайтармақ деген астыртын хабар келді. Киікбай батыр Сыр бойын қорғау үшін Тама Есет батырдан көмекке жауынгерлер алдырды. Парсыларды Самарханнан ысырды. Самарханды қазақтарға қаратып баласы Оразақты бас баһадүр етті. Кезінде Самархан құрлысында қазақтар қара жұмыс істеген. Жарамды жастарды сарбазға алып, әйелдерін үй жұмысына жеккен. Жоңғардан қашып қанғалап барған қазақтардың көнбеске амалдары болмады. Оразақ батырдың арқасында қазақтардың еңсесі көтерілді. Өзбектерді парсылардан азат ету жолында Оразақ батыр Киікбайұлы қаза болды.

Киікбай батырдың кезінде Оразақ баһадүр парсы беткейіндегі халыққа қорған болады. Елге Өтеген батырды би қылып, өзі ел қамымен Әбілқайыр ханның шақыруымен ордаға қол алып барады.

Ақмырза әкеміздің өлімін әркім әртүрлі әңгімелейді. Менің әкемнен, Мұратбай, Елдесбай әкемізден, Тоғамыс ағамыздан естігендерім.

Атақонысқа оралуға көп ықпал жасаған, сол кездегі Шектінің биі Жолшара, Жиеней руынан болған. Кейін Киікбай би болған. Шектілер орныққасын Төртқара, Қарасақал, Қаракесек, Шөмекейлер елге келе бастаған. Билік Киікбайда болды. Кейін балдарына көшті. Өтеген би, Нұрымбет қолбасшы



болды.

Келімсектер Шектіден билікті алмақ болып, төреден хан сайланды. Бірде хан ас үстінде адамдарға асты кезекпен асатады. Кезек жас Жанқожаға келгенде, хан табақты асымен ұсынады. «Табақ алатын, мен қатын емеспін», - деп Жанқожа табақты қағып жібереді. Үйден шығып кетеді. Хан отырғандарға қарап, «мен ханмын ба, қарамын ба», - дейді. Ханмен қатарласа отырған Өтеген би «Киікбайдың ұрпағы тұрғанда, Сен хан емессің», - деп ойын ашық айтады. Хан үнсіз қалады.

Ақмырза салықшыларды сабап салыққа көнбейтінін білдіргенде, хан «бүлік жайлы ойласам, - деп Киікбайдың бас көтеретін адамдарын жинатады. Келгендерді бес-алты үйге бөліп кіргізеді. Олардың алқымына кездік тақап, қол аяғын байлап тастайды. Мойындарынан көгендеп қамалға қарай айдайды. Дәрияға жеткесін, Ақмырзаны көгеннен шешіп, қайыққа Ақмырзамен бірге бас баһадүр Әлімқұл бес-алты сарбазымен отырады. Дәрияның орта шеніне барғанда сарттардың үрейлі даусы шығады. Қайық екі жаққа шайқалып, бір жағына қарай аударылып барады екен. Сарбаздар бір-екі малтып көрінбей кетеді, Ақмырза, баһадүр екеуі суға батады. Ақмырзаның суға кеткені жөнінде құлақтанып адамдар дәрия жағалауына келеді. Келгендер «Ха-

неке, бұл не қылғаның, халықты қыруға шықтың ба?» - дейді. Бабажан не істерін білмей шектілерден сескеніп қамалға айдап бара жатқан тұтқындарды босатындар», - деп әмір береді.

Орыстар біздің жерімізге орнығып алғасын егінші қазақтарды жерінен ығыстырады. Диканшылар қиналады. Халықтың мазасы кетеді. Басқыншы орыстар жұмысқа жалданғандарды таяққа жықты, тіпті кірпіш күйдіріп жатқан жұмысшыны отқа лақтырды, халықтың ызасына тиді.

Шыдамның да шегі бар, халық уәделесіп, шайқасқа дайындалып, қамалға лап қойып өртемек болады. Қорғанның айналасына егілген талдарды атпа қылып от лақтыруға ыңғайлайды. Отындарды сатуға әкелген болып арбалардың тізбегін құрайды. Дәрияның бергі бетіндегі тұрғындар да қамалға жақындайды. Өтеген, Нұрымбет қорымының құбыла жағындағы қалың қамысты көлдің жанына жиналып, арғы беттен келетін Асан, Үсен аталығы азаматтарын күтеді. Жиеней, Жолшаралар Қазалы өткеліне жақындап келіп, от қойғанда дәриядан өтпек болады.

Қараңғы түскенде келетін Асан, Үсен азаматтары кешігіп, айналы қалың түтін басқанда халық дүрлігеді. Сол кезде зеңбіріктің дау-

сы шығады. Жігіттер оқ атылған жаққа барлауға жіберіледі. Жаралыларды таңып, өлісін жинап болғанда барлауға кеткен жігіттерде келеді. Орыстар қазақтардың келетін жерін алдын ала біліп дайындалғанға ұқсайды. Қазақтар жиналған жаққа қарай қаруларымен оқ атып зымғайым жоқ болып кетеді екен. Ізге түсуге түн қараңғы.

Таң бозарып атқанда Асанның үш-төрт жігіті келеді. «Уәде қайда, сендерді күтіп отырмыз», - деп жігіттер даурыққанда «Ақ пен қызылда қайықшыға біреу айқайлап бәріне айт қой болды, - деп айттып кетіпті. Не болды деп тоқтап қалдық, - дейді.

Жанқожа баба ойла-нып отырады да «іштен шыққан жау жаман, деген. Отынын дайындап, бықсытып от жаққанда өзіміздің бауырларымыз. Қой болды, - деп қабар бергенде өзімізден. Енді кесенесі келіспес. Осымен тоғарайық. Сендерде, Жиеней, Жолшараларда тарасын білмеген болып. Қарасақал, Қаракесек, Төртқараларда байланысы жоқ адамдай болсын. Мен ағайыныммен басқа салғанды көрермін», - деп тарауға шешімін айтады. Халыққа сақ болуды айтып Қарақұм беткейіне жақын, Киікбай бейітінің шығыс жағына барып аялдайды.

Орыстар қамалдан шықпай жайбарақатшылық көрсетті. Батыр оншақты күн өткесін алыстап кетті. Орыстар Жанқожаны іздеген бо-

лып шағын жасақпен Қазалы өткелінен өтіп Жолшараларды қырғынға ұшыратты. «Аранды» даласындағы Үсендерде зардап шекті. Жолшаралар Жиеней жағына қарай, Үсендер Асандарға қарай теңіз қолтығына ығысты. Қарсыласқандарын, бас сауғалап қашқандарын атып қырғынға ұшыратты. Қиналған Шектілер бас сауғалады. Шекті үшке бөлінді. Жақайымдар біз бөлекпіз, - деп Шектіден безді. Бәубектің ұрпағы ол кетті. Өрістің Есенәлі, Айдарбегі екіге айырылды. Есенәлінің Палуаны Кішкенеден бөлектенді, Кішкененің алтауы да бас сауғалады. Кішкенеден екенін айтпастан Асан, Үсен, Жиеней, Жолшара болды. Құрманай, Құттықтар Майданды бөліп тастады. Майдандардан Киікбай ұрпағын бөліп тастады. Ажыра-рамас ағайындар бас сауғалады. Әжілер біз Құттықтың Әжісіміз деп бөлінді. Өтеген балалары би тұқымы қиындық күндер кешіп Жақайымдар арасына, Жиеней елдеріне асып кетті. Совет үкіметі құрылғында би тұқымы зардап шекті. Өтегеннің Қожасының балалары Қызылқұм, «Бозкөл» жағында жан сақтады. Бірі Өзбекстанға барып өзбек паспортын алса, бірі түрікмен паспортын алды. Қожаның Таласынан тараған бес ұлда сыртқа кетті. Шіліктің үш баласы Аралда болды, Ділімбет балалары «Бозкөл» жақтан соғыстан кейін келді. Тілептің Әнәпиасы Сексеуіл асып төрқара атын жамылды. Кенжеәлінің Досқазы, Есқазысы Аралда болды. Жалғау тегі Қожамын, - деп қожалармен қатынасты.

Елде Киікбай атын атау қорқыныш болды. Сталин биліктен кеткесін ғана бір-бірін танып қатыса жастады. Алпысыншы жылдары бас біріктіріп Жанқожа бабаның басына төрт құлақ бейіт салды. Басшылық қарсылық білдіріп тоқтатып тастады. Халық астыртын, адам қарасын көбейтпей салып бітірді.

**Шарападин ТАЛАС,
Киікбай батырдың
ұрпағы
Әйтеке би кенті**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢҒА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР

2023 жылғы 3 қаңтардағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен Еңбек кодексіне және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдарды қорғау жүйесін құруға бағытталған өзгерістер енгізілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 24-1-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамдарды қорғаудың мемлекет кепілдік берген шаралары:

1) Уәкілетті мемлекеттік органдар сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық фактісі туралы хабарды қабылдаған күннен бастап немесе адам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жәрдем көрсеткен

кезден бастап үш жыл бойы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамды еңбек қатынастары саласындағы құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуынан қорғауды;

2) Адамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсеткені туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім болған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсету мақсатында осы адамның өзі жұмыскері болып табылатын (болған) мемлекеттік органның не ұйымның жоғары тұрған басшысына және (немесе) басшылығына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінуі туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуді қамтиды.

Ақмарал ЕСЕНЕЕВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы

АСКАРИДОЗ (ЖЫЛАН ҚҰРТ)

Аскаридоз дегеніміз – антропонозды ішек гельминтозы. Әлемде осы инвазиямен 1,3 млрд. адам ауырады.

Аскаридоздың тіршілік циклы – сыртқы ортада ылғалды топырақ арқылы таралады. 21 күн немесе бірнеше айда ұрықтанған қуыршақтар пайда болады. 2,5 – 3 айдан кейін үлкен аскаридаларға айналады.

Аскаридоздың пайда болуының эпидемиологиялық алғы шарттары: Жуылмаған тағамдарды қолдану, санитарлық мәдениеттің төмендігі және қолайсыз жағдайдағы тұрмыс, тұрғын үйлердің санитарлық – гигиеналық жағдайының төмендігі, фекальды тыңайтқыш ретінде қолдану және тоқтау сулармен бақшаларды суару, инфекция көзі және резервуары – аскаридамен инвазирленген адам.

Берілу факторлары: Аскаридамен зақымдалған топырақ, жеміс – жидектер, су, тағы басқа аскарида жұмыртқасымен контактыдағы заттар, гельминит жұмыртқасы мен тағамдық өнімдерді зақымдайтын – механикалық тасымалдаушы – шыбындар, қауіп – қатер факторлары және топтары, бағбандар, көкөністерді шығаратын мекемелер жұмысшылары.

Клиникалық белгілері: Ересектерге қарағанда балаларда анығырақ көрінеді. Аскаридоз дамуы үшін қоректік заттарды пайдаланады. Ол адам ағзасына келіп түскен қоректік заттардың ішекте қортылуына, бала ағзасындағы заттек алмасуына (метоболизм) кедергі жасап, зиян келтіреді. Осылайша баланың денсаулық жағдайына әсер етеді. Көңіл күйі көтеріңкі әрі белсенді бала бірден енжар тартып, қыңырлық көрсетіп, жаңғалақ күйге түседі. Тез шаршайтын

болады. Тәбеті төмендеп, не керісінше артып кетеді, бас ауруы пайда болады. Сондай-ақ, балалардың ақыл-ой және физикалық тұрғыда дамуы да тежеледі. Ол ішекте тұрақтайтындықтан ішектің дұрыс жұмыс істеу тәртібі бұзылады. Ішектің дәрумендерді сіңіруге шамасы келмей қалады. Іш ауырып, өтіп, іш қатып, жүрек айнып, құсып, дене қызуы көтеріліп, аллергияларға сезімталдық артып, дисбактериоз пайда болады. Сонымен қатар ағзаның қорғаушы күшіне теріс әсер етеді. Сондықтан иммунитет төмендеп, жіті респираторлы және жұқпалы аурулар жиілеп, созылыңқырап, аурудың ағымы ауырлайды.

Аурудың алдын алу.

- дәретханаға барып келгеннен кейін, жануарлармен немесе жер, топырақ-құмдармен байланыстан кейін қолды сабындап жуу керек;

- ойыншықтарды сабынды сумен жуу және еденді 10-14 күн аралығында бір рет жуу құралдарымен өңдеп отыру керек;

- балаларға тек қана жуылған жеміс-жидек беру маңызды (негізінен жуылған жеміс-жидектің үстінен қайнаған ыстық су құйған дұрыс); бүлдірген, құлпынай, таңқурайлардың үстіне алдын ала таза су құйып қойып, кейін төгіп тастау керек, ағынды суға шаю керек. Ешқашан қайнатылмаған, кептірілген тәттілерді бермеңіз. Кептірілген банан, құрма, өріктерді де жуылмаған күйінде беруге болмайды.

М.РАХМЕТОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

МЕНИНГОКОКК ИНФЕКЦИЯСЫНАН САҚТАНАЙЫҚ

Менингококкты инфекция – жедел респираторлы бактериалды қоздырғышы ауа-тамшы механизммен берілетін, мұрын-жұтқыншақ кілегей қабатының зақымдалуымен, жұмсақ ми қабығының қабынуымен, септицемиямен, аурудың симптомсыз түрінен бастап, іріңді менингококкты сепсиске дейінгі клиникалық түрлерімен сипатталатын жұқпалы ауру. Инфекцияны адам ғана жұқтырады. Ауру науқастан немесе бактерия тасымалдаушылардан сау адамға ауа – тамшы жолымен түшкіргенде, жөтелгенде, сөйлегенде беріледі. Аурудың таралуына жақын қарым – қатынаста болу, адамдардың тығыз орналасуы, жоғары ылғалдылық және санитарлық – гигиеналық талаптардың сақталмауы әсер етеді. Ауру көбіне қыс, көктем маусымдарында тіркеледі.

Менингококк инфекциясының клиникалық көріністері алуан түрлі. Жасырын кезең 2 - 10 күнге, көбіне 5-7 күнге созылады.

Менингит – менингококк инфекциясының ауыр түрі, ол жедел, қауырт өршиді. Сау жүрген адамда кенеттен жан шыдатпайтын қалтырау пайда болып, дене қызуы 39-40 градусқа көтеріледі, басы қатты ауырып құсады. Аурудың алғашқы сағаттарында мазасыздану, қозу байқалады. Жүйке – жүйесінің зақымдану белгілері – менингиалды белгілер пайда болады. Науқас менингит жағдайында тән қалыпта болады: басын шалқайтып, бүйірінен жатады, аяқтарын бүгіп бауырына тартып алады. Науқастың осы сәтте қалтырауы, қолының дірілдеуі

күшейеді, көзінің қитарлануы, еріксіз жыпылықтау сияқты.

Менингококк инфекциясын емдеу кешенді түрде аурудың ағымын, ауырлық дәрежесін, науқастың жас шамасын және оның ауруханаға түскен уақытын ескере отырып жүргізіледі. Науқасты емдеуде жақсы күтім, күн тәртібі, толыққанды тамақтану және симптоматикалық ем үлкен рөл атқарады. Емдеу дер кезінде басталған жағдайда аурудан толығымен айығып кетуге болады. Аурумен қарым – қатынаста болған адамдар барлық медициналық тексерістен өтеді.

Аурудың алдын – алу: -санитарлық – гигиеналық тәртіптерді қатаң сақтап, менингококк инфекциясы бар науқастарды ерте анықтап, тек аурухана жағдайында емдеу,

-Ұжымдарда, әсіресе мектеп жасына дейінгі балалар ұжымдарында санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді сақтау, -Бөлмені жиі желдету, ылғалды өңдеу, бактерициттік шам қолдану,

-Ауруға шалдығу деңгейінің артуы байқалғанда санитарлық ағарту жұмыстарын жас балалардың аналарымен, жасөспірімдермен, балалар ұжымдарының күтушілерімен, тәрбиешілерімен өткізу, -Аурудың мезгілдік көбею кезеңінде балалардың жабық мекен – жайда көп жиналмауын, жалпы гигиеналық ережелерді қатаң сақтауды қадағалау.

С.ШҮКІРӘЛИЕВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Е-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11017 дана.